

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС КОМИТЕТІ
Ш.ШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ ТІЛДЕРДІ ДАМУДЫҢ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ТАРИХИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ АТАУЛАРЫ**

Астана, 2017

ӘОЖ 811.512.122

ҚБЖ 81. 2Қаз-3

Ш 97

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырмасы бойынша шығарылды

Редакциялық алқа:

Ғ.С. Мелдешов – Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті төрағасының орынбасары

Г.М. Құбашева – Нормативтік-лингвистикалық жұмыстар басқармасының басшысы

Е.Е.Тілешов – Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты.

«Шығыс Қазақстан облысының тарихи және қазіргі атаулары» / «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» республикалық семинарының қатысушыларына арналған материалдар // Құрастырушылар: С.А.Итеғұлова, Д.Н.Жарылғасын. - Астана, 2017 жыл – 174 бет.

Бұл жинақта Шығыс Қазақстан облысындағы ономастикалық ахуалға талдау жасалған. Ономастикалық атаулар беруді жетілдіру мақсатында дайындалған әдістемелік ұсынымдар сала мамандарына арналады.

ISBN 978-9965-23-422-4

АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген мақсаттар мен міндеттердің бірі кезең-кезеңімен қоғам өмірінің негізгі салаларында тіл мәдениетінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру арқылы географиялық объектілердің атауларын мемлекеттік тілде жазу, оны орыс және басқа да тілдерде транслитерациялаудың ережелерін әзірлеу, көрнекі ақпараттар мен жарнама мәтіндерін рәсімдеуді біріздендіру мен үйлестіру және бақылау болып табылады. Осы мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін 2013 жылдың 21 қаңтарында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.

Осы заң мен одан туындайтын нормативтік құқықтық актілер негізінде ономастика саласындағы жұмысты жүйелеуді және үйлестіруді одан әрі дамыту мәселесін шешудің жолдары үнемі жетілдірілуде.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы, ұлттық және елдік құндылықтарды қалыптастыру ономастика саласымен тікелей байланысты екендігі белгілі. Бұл бағытта ширек ғасырдай уақыт мақсатты жұмыстар атқарылғаны да мәлім, дегенмен әлі де атқарылар шаруалар жетерлік.

Ономастикалық жұмыстарды жүйелендіру үшін бірнеше ортақ тұжырымдарды қалыптастырғанымыз жөн. Мұндай тұжырымдар ономастикалық жұмыстарды жүргізудегі объективтілікке, ашықтыққа, сарабалдыққа қол жеткізіп, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге, тәуелсіздік құндылықтарын насихаттауға үлкен көмегін тигізеді.

Біріншіден, еліміздегі жер-су аттарына өзінің тарихи атауларын беру мәселесі жүйелі және үнемі жүргізілуі тиіс. Бұл ретте көптеген қалаларға, аудандарға, елді мекендерге тарихи атаулары қайтарылды. Дегенмен, еліміздің бірқатар облыстарында кешегі отаршылдық, кеңестік саясаттан қалған атаулар әлі де жүздеп саналады.

Біз зерделеу нысаны ретінде алып отырған **Шығыс Қазақстан**

облысында Ленин – 43 (оның ішінде 41 көше, 1 ауыл, 1 ауылдық округ), Совет – 54 (оның ішінде 54 көше), Октябрь – 33 рет (оның ішінде 31 көше, 1 ауыл, 1 ауылдық округ) рет кездеседі. Біз бұл арада тек кеңестік атаулар жөнінде ғана айтып тұрмыз. Ал патшалық заманнан, одан бері де әртүрлі саяси науқандар кезеңдерінен қалған Алексеевка, Николаевка, Антоновка, Коммунистическая, Пролетарская, Пятилетка, Семилетка, 25 лет Октября, 40 лет Октября, 50 лет Октября, 60 лет Октября, 21 партсъезда, 22 партсъезда, 30 лет ВЛКСМ, 50 лет ВЛКСМ, 60 лет ВЛКСМ, 50 лет Каз ССР, Буденновка, Комсомольская, Пионерская, Целинная т.с.с. атаулар облыс аудандарында түгелге дерлік ұшырасады.

Бұлармен қоса Маркс, Энгельс, Бауман, Киров, Тухачевский, Урицкий, Фрунзе, Котовский, Дзержинский, Калинин тағы да басқа коммунист көсемдер мен қайраткерлердің есімдері ауылдарда, қала көшелерінде самсап тұр.

Осындай әбден **идеологиялық тұрғыдан ескірген** атаулардың әлі күнге дейін өзгертілмеуі ономастикалық жұмыстарды қарқынды етуді бәрімізден талап ететіні түсінікті.

Екіншіден, қайта атау немесе жаңадан атау беру кезінде халықпен санасу, көпшіліктің пікірін ескеру бойынша аудан, облыс деңгейінде жүйелі жұмыстар жасалуы керек. Ономастикалық атаулар беру мәселесі жершілдіктен, рушылдықтан, ата жарыстырудан аулақ тұрып, **елдік мүдде тұрғысынан қарастырылуы аса қажет.**

Үшіншіден, қазіргі таңда өлкетануға байланысты көптеген еңбектер жарық көруде. Осындай зерттеулердің нәтижелері жергілікті өңірлерде теледидар, баспасөз, интернет сайттары арқылы халыққа кеңінен насихатталуы тиіс. Ономастикалық атаулар жай ғана көше көрсеткіштері немесе елді мекен атаулары емес, еліміздің бай тарихының, табиғатының шежіресі екені көпшілікке жеткізілуі тиіс. Бұл – бір жағынан тарихқа, атамекенге құрмет, екінші жағынан өскелең ұрпақ үшін аса қажет өнегелі іс.

Біз – бір халық, бір мемлекетпіз. Сондықтан да қазақтың жері де, мәдениеті де ұлы тұлғалары да баршамызға ортақ. Мәселен, Ақмешіт атауы Қызылордаға, Қазығұрт Шымкентке, Ұлытау Қарағандыға ғана қатысты емес. Сол сияқты айталық, Дина Нұрпей-

ісова есімі тек Атырау облысында, Ғабит Мүсірепов тек Солтүстік Қазақстан облысында, Ілияс Жансүгіров тек Алматы облысында ғана емес, еліміздің барлық өңірінде ескерілуі тиіс. Қазақ – елі де, жері де, тарихы да, тілі мен мәдениеті де ортақ біртұтас ұлт. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: *«Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық»* деп арнайы атап өтті.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы, әлемдік геосаяси кеңістіктен өзінің лайықты орнын алуы баршамыз үшін қандай мақтаныш болса, тарихымызды тану мен құрметтеу де елдің абыройын асыратын мәселе. Осы тараптан келгенде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев стратегиялық маңызы зор орасан идеяларды ұсынды. Ол – Елбасы тарапынан айтылған **«Ұлы дала елі»**, **«Мәңгілік ел»** сияқты ауқымды елдік мұраттар. Осындай маңызы өте ерекше атаулар ономастикалық кеңістіктен лайықты орынға ие болғаны жөн. Мысалы, **«Ұлы дала елі»** даңғылы, **«Мәңгілік ел»** саябағы деп атаса, қандай жарасымды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасымен даярланған осы жинақ ономастика саласында қордаланған мәселелерге ортақ көзқарас қалыптастыру мақсатын көздейді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨЛКЕСІНІҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ АХУАЛЫ

Шығыс Қазақстан облысы - еліміздің солтүстік-шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Ол 1932 жылы 10-наурызда құрылған. Ал 1997 жылы 23 мамырдағы № 3528 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен облыс құрамына таратылған Семей облысының территориясы қосылды. Шығыс Қазақстан облысының жер бедері өте күрделі, жануарлар дүниесі өте бай. Сонымен бірге топонимикалық кеңістігі де әрқелкі болып келеді. Еліміз егемендігін алған тұста көптеген тарихи атаулар қайта оралып, халық өткеніне үңіле бастағанын білеміз. Қазақстанның шығыс, солтүстік-шығыс өңірлерінде славян тілінен енген географиялық атаулар көп ұшырасады. Шығыс Қазақстан облысындағы жер-су атаулары туралы да ғалымдар көп ізденістер жасап, біраз құнды дүниелерді жазды. Көрнекілік үшін, география ғылымдарының докторы, профессор Қ.Т. Сапаровтың «Қазақстанның шығыс, солтүстік-шығыс өңірлерінде кездесетін славян тілінен енген географиялық атаулар» атты мақаласын /1/ толық ұсынғанды жөн көрдік:

«Қазақ жерінің көп қабатты топонимиялық жүйесінде славян тілінен енген географиялық атаулар ауқымды орын алады. Сан ғасырға созылған қазақ-орыс халықтары арасындағы қарым – қатынас өз өрнегін географиялық атауларға түрлі қырынан сала білген. Топонимдердің пайда болу, өзгеру құбылыстары қазір қоғамдық пікірде қайта екшелеп, сын көзбен қаралып, жаңаша мәнге ие болуда.

Қазақстан мен Ресей арасындағы әрқилы қарым-қатынас басталысымен-ақ географиялық жаңаша жер атаулары біртіндеп пайда болып, жыл өткен сайын молыға түсті. Қазақ жеріндегі топонимикалық атаулар тарихында дәл осы кездегідей жер атауларының жылдам өзгеріп отыру құбылысы болған емес /2/.

Топонимикалық атаулар жөнінде Қазақстанның Ресейге қосылу тарихының ел билеу жүйесінде патша өкіметі орнатқан әрі терең ойластыра ұстанған үш түрлі кезеңдерін алмақ керек. Бұдан қазақ даласын біртіндеп асықпай отарлаудағы қолданған айла-шаралардың эволюциялық даму жолы, әсіресе, отаршылдық мазмұнда

қойылған географиялық жер атауларының біртіндеп ену молая түсу әрекеттерінің болмысы айқын көрінеді.

Қазақстанның Ресейге қосылуы кірме топонимдердің орын тебе бастауына негізгі тірек болды. Орыс географиялық атауларының бұдан кейінгі кездерде молая беруі Қазақстан мен Ресей арасындағы әр алуан тарихи қарым-қатынастарға тікелей байланысты болып отырды. Алайда, қазақ-орыс халықтары арасындағы тілдік, әлеуметтік байланыс үдерістері әлдеқайда бұрын басталған /3/.

XVI ғасырдың өзінде Ресей қазақ даласына өз назарын аудара бастаған. Орта Азия мен Шығыс мемлекеттерімен шекаралас жатқан қазақ жерлері арқылы ірі сауда жолдары өткен. Шығыс (Қытай, Үндістан т.б.) пен батысты байланыстыратын саяси және экономикалық маңызы зор қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы Ресейдің шығыстағы сауда, экономикалық және саяси, әскер жағдайын жақсартта түсетіні анық еді. Сонымен қатар, қазақ халқының сол кездегі ауыр жағдайы, Жоңғар хандығы төңірегінен қауіп-қатер орыс және қазақ мемлекеттерінің өзара жақындай түсуіне себеп болды /4/. 1682 жылы Ресей мемлекеті тағына отырған Петр бірінші табиғат байлығы мен алтын қорының молдығы туралы естіп, Каспий теңізі мен Қазақстан жазықтары арқылы Азия елдеріне апаратын теңіз және құрлық жолдарының Ресей үшін маңыздылығын жоғары бағалады. Ол 1713 жылдан бастап жыл сайын ерекше тапсырма – Қырғыз және Түркістан далаларынан барлық азиялық елдерге «кілт пен қақпалар» табуға адамдар жіберіп отырды. Осының негізінде Қазақстанның шығыс, солтүстік -шығыс аумақтарында Ертіс казактары линиясы деген атқа ие болған бекіністер жүйесі пайда болды /5/. Қазақстан аумағында алғашқы орыс елді мекендері пайда болды. Орыс елді мекендеріне орысша атаулар қойылып, қазақ топонимиясы құрамында орыс тілінен енген топонимдер пайда бола бастады. Мысалы, 1720 жылы М.И.Лихарев бастаған ресейлік экспедицияның келуімен Үлбі өзенінің Ертіске құйған жерінде атын «устье каменных гор» тіркесінен алған Усть-Каменогорская бекінісінің іргетасы қаланды /6/. 1765 жылы өртеніп кеткен бұл бекініс қайта салынған еді. Жергілікті тұрғындар бекініс атын өз тіліне икем-

деп «Өскемен» деп атап кетті. 1712 жылы патшалық өкімет кезінде діни қудалаудан Польшаға қашқандарды отанына қайтуға шақырған жаңа жарлық шығарды. Польшадан қайтқандарға тұруға 1760 жылғы жарлықта көрсетілген мекендер ұсынылды. Осының негізінде, әскери күштің көмегімен Алтайда “поляктар” елді мекендері пайда болды. Бұл жөніндегі мәліметтер М. Швецованың «*Поляки Змеиногорского округа*» атты мақаласында (1899) жан-жақты баяндалған /3/. Катонқарағай ауданына қарасты *Поляковка* елді мекен атауының сыры осыдан ашылады. 1764 жылы *Лосиха, Секисовка, Шемонаиха* және *Бобровканың* негізі қаланды. Кейінірек бұлардан *Малое Убинка, Быструха, Черемшанка, Тарханка* және т.б. селолары бөлініп шықты. Екатерина II 1796 жылдың өзінде қазіргі Зырян қаласы маңында елді мекендер тұрғызу туралы жарлық шығарған еді. Осының нәтижесінде Уба шаруалары өз тұрақтарын тастап казактар бақылаумен қонысталмаған жерлерге кете бастады. Көп ұзамай Алтай таулы округы картасында *Парыгино, Снегирево, Кондратьево, Богатырево, Соловьево, Соломоновка* т.с. селолар пайда болды. 1726 жылы Орал тау-кен өндірісі қызметкері Акинфий Демидов Алтайда алғашқы кен өндіріс орындары мен зауыттардың негізін салып, Колываново – Воскресенский деп атады /6/.

А.Принтцаның анықтауы бойынша орыс қабаты моңғол қабатынан соң, XVIII ғасырдың бірінші жартысынан бастап ене бастады /7/. Орыс тілінен енген атаулар туралы тарихи-географиялық деректер алдыңғы тарауда көрсетілген. XVIII ғ. Ресей империясы Ертіс өзенін бойлай бекіністерді салу арқылы отарлау саясатын жүргізе бастады. Ертіс бойындағы казактар үшін жеңілдіктер сақталып, көпшілігі бекіністерде тұрақтап қалып қойды. Н.Е. Бекмаханова XVIII ғасырдың 50-ші жылдарында әскери шебі бойындағы казактардың саны 2 мың адамға жетті деп жазады /8/.

Ертіс өңірін отарлау, бекіністер салу, жергілікті халықтардың өмірі туралы нақты деректер Г.Катанаев, Н.Г.Апполова, Ф.Усов, П.П. Румянцев, Ф. Щербинаның еңбектерінде көрініс тапқан. П.П. Румянцев XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында казак қоғамының қоғамдық-саяси тұрмысын сипаттай отырып: “Бұдан

әрі қырғыз (қазақ) халқының өз тарихы жоқ, әр ауылдық бұратана адамдардың тарихы” деп жазады /9/.

Орыс атауларының пайда болу үдерісі аумақтарды да қамтыды. Сондықтан славян тілінен енген географиялық атауларға көптеп мысал келтіруге болады: *Луговое, Садовое, Горкунково, Трехгорное, Волчанка, Березовка, Новоильинка, Троиницкое, Каменка, Восточное, Веселое, Белоусовка, Вознесенка, Игоровка, Белогорский, Солнечное, Орловка, Средигорное* т.б. Ресейден, Украинадан қоныс аударуы бұқаралық сипатқа ие болды. XX ғасырдың басында Павлодар уезінде 220 қоныс аударушылар селолары пайда болды /10/. Ф.А. Шербина зерттеулерінде 3793 географиялық нысандар анықталған /11/. Қоныс аудару нәтижесі Ертіс – Баянаула өңірінде орыс, украин т.б. тілдерден енген елді мекен атауларын қалыптастырды. Патша үкіметінің белгісі, император Романовтар әулетіне байланысты: *Романовка, Николаевка, Алексеевка, Еленовка, Ириновка, Татьянаовка, Борисовка, Ольгино, Наташино, Павлодар* (Павелға сыйлық) сынды антропотопонимдер атаулары пайда болды. Дала губернаторлары болған Надаров, Галкин, атымен *Надаровка, Галкина*, ал *Милорадовка* – қоныстану жөніндегі губерниялық бастық Милородовтың құрметіне аталған. *Заборовка* – уездік қоныс аударушылар бастығы Заборовскийдің, *Доннинка* мен *Раевка* – Заборовскийдің Домна және Рая атты қыздарының, ал *Софиевка* – оның әйелі Софияның есіміне байланысты аталған. Неміс халқының қоныс аударушылары *Алтенау, Райнфельд, Эбенталь* және *Фриеденфельд* селоларының негізін қалады. Украинадан келген қоныс аударушылардың бұрынғы тұрған жерлерінің атаулары: *Донской, Каховка, Кубань, Луганск, Полтава, Херсонка*, діни көзқараста: *Благовещенье, Воскресенка, Духовницкое, Крещенское, Рождественка, Спасовка, Сретенка, Успенка* т.б. орыс тілінен енген жер-су атаулары жергілікті топонимдерде бейнеленіп көрініс тапты. Кейбір жағдайларда қазақ атауларын өзгертпей аудару жағдайлары жиі кездеседі: *Беловодск* (Ақсу сөзінен), *Котельниково* (Оймакөл), *Глубокое* (Шұңқыркөл), *Травянка* (Шөптікөл), *Горькое* (Ащыкөл), *Грабово* (Қосағаш), *Горчинка* (Ащылы).

Тілдік қатынастардың дамығаны соншалық, топонимиялық атаулар жартылай немесе толық аударылып қолданылады. Мысалы, Қара Ертіс-Черный Иртыш, Кіші Жеменей-Малый Жеменей, Рахман бұлақтары-Рахановские ключи, Үлкен Бөкен-Большая Буконь. Сондай-ақ, орыстілі сөзжасама заңдылықтарына сай жасалған топонимдер де кездеседі. Мысалы, Большой Мараленок, Малый Мараленок – “марал” сөзінен, Таловочка – “тал” сөзінен, Убинка – “оба” сөзінен т.б. /2/.

Шығыс Қазақстанның жер-су атауларын ауыстыру мен қатар келімсектердің көне топонимдерді өз тілдеріне икемдеп қолданғанын байқауға болады. Мәселен, Қарақожа (Қарақұсты болуы да мүмкін) – Карагужиха, Құтты-Кутиха, Маралды-Маралиха, Шаманайханың орыстың – иха жалғауын қабылдап барып адаптацияланса, Аблай-ин-кид (Абылай монастрі) – Аблакетка, Тархан (Дархан) – Тарханка болып- қа жалғауының негізінде өзгертілді. Кеңес үкіметі тұсында орыс атаулары қазақтың төл атауларын мақсатты түрде ауыстыру арқылы іске асырылды.

Кеңестік идеологияны дәріптеу мақсатында көптеген тарихи атаулар қалыптасты. Ауыл-аймақ (ойконимдер) жаппай өзгерту *Энгельс, Ленин, Тельман, Куйбышев, Дзержинский, Ворошилов, Буденный, Калинин* т.б. қалыптасуына әсер етті /3/. ХХ ғасырдың басында қоныс аударушылардың саны біршама артты. Олар қоныстанған жерлерде көптеген орыс, украин т.б. тілдерден енген елді мекендер пайда бола бастады. 1954 жылы Қазақстанның солтүстік аймақтарында тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстары жүргізіле бастады. Осы уақытта көршілес жатқан Ресей, Украина, Беларусь, т.б. республикалардан 2 млн-нан астам халық келіп қоныстанды. Совхоз, колхоздар құрылып, көптеген елдімекен, қоныс, өзен, көл атаулары өзгеріске ұшырап, орыс тілі арқылы қалыптасқан топонимдер жүйесі пайда болды.

Қоғамдағы әрбір саяси-экономикалық өзгеріс сол қоғамның топонимия жүйесіне терең із қалдырып отырады. В.А. Никонов айтқандай топонимика амалсыздан “идеологиялық функцияға жегіледі” /12/. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, көптеген жер-су атаулары өз тілімізде өзгертіліп қалпына келтірілді. Көптеген ойко-

нимдер бірнеше рет ауысқан себепті бастапқы атауын жоғалтқан. Біздің зерттеулерімізде Қазақстанның шығыс, солтүстік – шығыс өңірлерінде кездесетін славян тілдерінен енген топонимдер жүйесі топтастырылды. Шығыс Қазақстан облысы аумағында 3798 славян тілінен енген атаулар (18,9%-ын), ал Павлодар облысы аумағында 605 топоним анықталып, барлық топонимдердің (13,7 %-ын) құрап отыр /13/. Қорыта келгенде тарихы терең аумақтардың жер-су атаулары әртүрлі стратиграфиялық ерекшеліктерге ие болғаны нақты деректер жүзінде дәлелденді.

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ

Өскемен қаласы 1720 жылы І Петр патшалық құрып тұрғанда қамал-бекініс ретінде салынған еді. 1868 жылы Өскеменге қала атағы беріледі. Өскемен Қазақстанның батыс-шығыс бөлігінде Ертіс пен Үлбі өзендерінің сағасында орналасқан.

Қаланың атауы туралы ғалымдардың бірнеше болжамдары бар. «Қаланың атауы карталарда, ресми ақпарат көздерінде әлі күнге дейін Усть-Каменогорск болып жазылып жүргенін айта келіп, ғалым Бердібек Бияров Усть-Каменогорск атауын Тасқорған деген атқа ауыстырсақ деген пікірді айтады. Оған себеп ретінде қаланың тасты таулармен қоршалып тұруын, кезінде бекініс ретінде салынуын, «қорған» сөзінің көне түркіде «қала» мәнін беретіндігін және Ресей зерттеушісі Миллердің 1723 жылдары ол жерден үш үлкен сақ қорғанын табуы сияқты деректерді келтіреді. Ғалымның «егер Тасқорған болса, Талдықорған, Жаңақорған, Шолаққорған сияқты атаулар типіне енетін еді» деген пікірі ойға қонымды /14/.

Өскемен қаласы және *Меновное* ауылдық округі мен *Ахмер, Жаңа-Ахмер, Ново-Явленка, Ново-Троицк, Самсоновка, Меновной, Прудхоз, Водное* ауылдары бір әкімшілік-аумақтық бірлікке кіреді.

Ауылдық округтің құрамына кіретін 8 ауылдың атауы түгелге жуық орыс тілінде.

РИДДЕР ҚАЛАСЫ

Риддер - Шығыс Қазақстан облысының солтүстік-шығысындағы қала (1932 жылдан), темір жол станциясы. Қаланың іргетасы орыс инженер-технигі Филипп Риддердің осы маңнан полиметалл кенін ашуына байланысты 1784 жылы қаланды. 1941 жылға дейін Риддер, 1941 - 2002 жылдары Лениногорск деп аталған. 1917 жылға дейін қала шетел капиталистерінің қолында болған. 2002 жылы қайта Риддер деп аталды /15/.

XX ғасырдың басында кенттегі халық саны 4 мың адам болды, ең көп шоғырланған кезең 70-ші жылдары - 72 мыңнаа артып түсті. Бүгінде қалада 61,5 мың адам тұрады. Қазіргі Риддер қаласының аумағы 3387220 шаршы километрді құрайды.

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ

Семей қаласының ресми негізі I Петрдің шығыс аймақтағы жерлерді қорғау туралы әйгілі жарлығына және Ертіс өңірі бекіністерінің салына бастауына байланысты 1718 жылы қаланды деп көрсетіледі. Бірақ бірқатар ғалымдардың тұжырымы бойынша Семей тарихы ғасырлар қойнауларына тереңдеп, 1000 жылдан астам уақытты қамтиды.

«Семей» сөзі – көне түркілерге жататын сары ұйғырлар тайпасының тілінде «киелі мекен» деген мағынаны білдірсе, «Алаш» сөзі – түркі тілінде бауырлас, қандас, туыс деген мағынаны береді. Яғни, Семей, Алаш атауы – тұтас түркі дәуірінде қалыптасқан ең ежелгі атаулардың бірі /16/.

Ал келесі бір деректе «Семипалат бекінісі мен кейін қала болып қалыптасқан Семипалатинск атауы ертеректе жоңғарлар мекендеген Доржінгіт аумағында табылған жеті қалмақ будда ғибадатханасынан шыққан. Бұл ғибадатханалар жайлы орыс зерттеушілері 1616 жылдары жазған. 1660-1670 жылдары жоңғарлар мен қазақтардың соғыстары салдарынан ғибадатханалар қирап, Г.Ф.Миллер 1734 жылы ғибадатханалардың жартылай бүлінгені жайлы жазады. 2007 жылы қалаға ресми түрде Семей атауы беріледі. Семей - Семипалатинск сөзінің фонетикалық өзгеріске ұшыраған түрі» /16/ делінеді.

Семей – республикамыздың мәдени, тарихи орталықтарының бірі.

Орталығы Семей қаласы болып табылатын бұл өңірдің әкімшілік-аумақтық бірліктері *Айнабұлақ, Ақбұлақ, Алғабас, Абралы, Достық, Жазық, Жиенәлі, Знаменка, Ертіс, Новобаженово, Озерка, Приречный, Қараөлең, Шаған, Шүлбі, Таңат* ауылдық округтеріне бөлінеді.

Енді осы ауылдық округтердің құрамына тоқталсақ, төмендегі көріністі байқаймыз: *Айнабұлақ* ауылдық округіне *Айнабұлақ, Самай* ауылдары, *Ақбұлақ* ауылдық округіне *Ақбұлақ* ауылы, *Алғабас* ауылдық округіне *Алғабас, Киікқашқан, Қызылжал* ауылдары, *Абралы* ауылдық округіне *Абралы* ауылы, *Достық* ауылдық округіне *Достық, Чекоман* ауылдары, *Жазық* ауылдық округіне *Жазық* ауылы, *Жиенәлі* ауылдық округіне *Бөкениші, Маралды* ауылдары, *Знаменка* ауылдық округіне *Знаменка, Қыземшек, Сынтас* ауылдары, *Ертіс* ауылдық округіне *Прииртышское, Жалпақ, Кенжебай, Крупская, Мұқұр, Мұрат* ауылдары, *Новобаженово* ауылдық округіне *Новобаженово, Баженово, Бұлақ, Климентьевка, Талдықорған* ауылдары, *Озерка* ауылдық округіне *Қаракөл, Қаштақ, Кіші Ақтөбе, Озерки, Половинка, Талица, Тепқашы* ауылдары, *Приречный* ауылдық округіне *Приречное, Жарқын, Күлтөбе, Мұздыбай, Шөптіқақ* ауылдары, *Қараөлең* ауылдық округіне *Қараөлең, Қайнар* ауылдары, *Шаған* ауылдық округіне *Шаған* кенті, *Шүлбі* ауылдық округіне *Шүлбі* кенті, *Таңат* ауылдық округіне *Таңат, Социалистік Қазақстан* ауылдары кіреді.

Елдімекеннің құрамына кіретін 16 ауылдық округтің 12 атауы қазақ тілінде. Әйтсе де Крупская, Знаменка, Социалистік Қазақстан сияқты идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды тәрбиелік мәні зор атаумен ауыстыратын кез келген сияқты.

БОРОДУЛИХА АУДАНЫ

Бородулиха ауданы - 1944 жылы құрылған аудан. Аудан Шығыс Қазақстан облысының солтүстігінде орналасқан. Ауданның тарихи атауы – Ойағаш.

Бородулиха ауданындағы 63 елдімекен 19 ауылдық (селолық) округке біріктірілген. Ауданның әкімшілік орталығы – **Бородулиха**


ауылы. Ал ауылдық округтердің атауы төмендегідей: *Бородулиха, Таврия, Жерновка, Переменовка, Ленин, Степной, Уба-Форпост, Андреевка, Подборный, Краснояр, Белагаиш, Бақы, Убаир, Дмитриевка, Новопокровка, Новошүлбі, Петропавловка, Новодворовка* ауылдық округтері мен *Жезкент* кенттік округі.

Енді осы ауылдық округтердің құрамына тоқталсақ, төмендегі көріністі байқаймыз: *Бородулиха* ауылдық округіне *Бородулиха, Успенка, Знаменка, Барышовка, Поднебесное* ауылдары, *Таврия* ауылдық округіне *Буркотово, Сахновка* ауылдары, *Жерновка* ауылдық округіне *Жерновка, Пол-лог, Боровлянка* ауылдары, *Переменовка* ауылдық округіне *Пременовка, Андроновка, Ремки, Орловка* ауылдары, *Ленин* ауылдық округіне *Песчанка, 2-Пятилетка, Алексеевка, Ново-Васильевка, Мурзова* ауылдары, *Степной* ауылдық округіне *Шелехово, Орловка, Вознесенка, Троцкое* ауылдары, *Уба-Форпост* ауылдық округіне *Уба-Форпост, Девятка* ауылдары, *Андреевка* ауылдық округіне *Михайличенково, Петроградское* ауылдары, *Подборный* ауылдық округіне *Камышенка, Михайловка, Романовка* ауылдары, *Краснояр* ауылдық округіне *Краснояр, Речное* ауылдары, *Белагаиш* ауылдық округіне *Белагаиш, Зенковка, Бековка, Бек-Карьер, Өмірзақ* ауылдары мен 41 және *Дүйсекен* разъездері, *Бақы* ауылдық округіне *Коростели, Тарск, Ауыл* ауылдары, *Убаир* ауылдық округіне *Зубаир, Байтанат, Жаңа* ауыл ауылдары, *Дмитриевка* ауылдық округіне *Дмитриевка, Боровое* ауылдары, *Новопокровка* ауылдық округіне *Новопокровка, Сарногай, Арбузное* ауылдары, *Новошүлбі* ауылдық округіне *Новошүлбі, Потапенково, Солоновка, Ключики, Пролетарка* ауылдары, *Петропавловка* ауылдық округіне *Петропавловка, Мещанка, Изатулла, Воскресеновка* ауылдары, *Новодворовка* ауылдық округіне *Ивановка, Сосновка, Березовка* ауылдары, *Жезкент* кенттік округіне *Жезкент* кенті кіреді.

Көріп отырғанымыздай, аудан құрамына кіретін 19 ауылдық округтің 3 атауы қазақ тілінде. Ал қалған 16 атау орыс тілінде. Ол атаулардың ішінде Ленин, Пролетарка, Троцкое сияқты идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар да жүр.

Аудан бойынша елді мекен атауларының ахуалын төмендегі сызбадан көруге болады.

1. Аудан бойынша атаулардың жалпы саны – 63
2. Қазақ тіліндегі атаулар – 9
3. Орыс тіліндегі атаулар – 54



ГЛУБОКОЕ АУДАНЫ

Глубокое ауданы - 1964 жылы 31 желтоқсанда құрылған аудан. Аудан тиімді географиялық аумақта орналасқан. Ол Шемонаиха, Ұлан және Зырян аудандарымен, Өскемен және Риддер қалаларымен шекаралас. Аудан аумағынан республикалық маңызы бар автомобиль трассалары мен темір жол өтеді.

Ауданның әкімшілік орталығы – **Глубокое** кенті. Осы әкімшілік-аумақтық бірлікке енетін ауылдық округтердің атауы төмендегідей: *Глубокое, Алтайский, Белоусовка, Верхнеберезовский* кенттік округі және *Малолубинка, Бобровка, Кожсохово, Калинин, Краснояр, Куйбышев, Киров, Ушанов, Фрунзе, Веселовка, Секисовка, Черемшанка, Опытное* поле ауылдық округтері.

Енді олардың құрамына тоқталсақ, төмендегі көріністі байқаймыз: *Глубокое* кенттік округіне *Глубокое* кенті, *Алтайский* кенттік округіне *Алтайский* кенті мен *Калинин* ауылы, *Белоусовка* кенттік округіне *Белоусовка, Белокаменка, Ново-Михайловка, Планидовка* ауылы, *Верхнеберезовский* кенттік округіне *Верхнеберезовский*

кенті, *Малоубинка* ауылдық округіне *Малоубинка, Н.Маховка, Волчиха, Карагужиха* ауылдары, *Бобровка* ауылдық округіне *Бобровка, Солнечное, Радужная* ауылдары, *Кожохово* ауылдық округіне *Кожохово, Прогресс, Сметанино* ауылдары, *Калинин* ауылдық округіне *Березовка, Красная Заря* ауылдары, *Краснояр* ауылдық округіне *Предгорное, Перевальное, Аврора* ауылдары, *Куйбышев* ауылдық округіне *Быструха, Зимовье* ауылдары, *Киров* ауылдық округіне *Прапорщиково, Уварово, 226 км разъезд, Краснопартизанский* ауылдары, *Ушанов* ауылдық округіне *Ушаново, Степное, Каменный Карьер* ауылдары, *Фрунзе* ауылдық округіне *Тарханка, Веселое, Винное, Ново-Ульбинка, Горная Ульбинка, Топиха* ауылдары, *Веселовка* ауылдық округіне *Веселовка, Заречное* ауылдары, *Секисовка* ауылдық округіне *Секисовка* ауылы, *Черемшанка* ауылдық округіне *Черемшанка, Орловка* ауылдары, *Опытное поле* ауылдық округіне *Опытное поле* ауылы кіреді.

Көріп отырғанымыздай, аудан құрамына кіретін 17 ауылдық округтің ішінде қазақ тілінде бір де бір атау жоқ. Есесіне Калинин, Куйбышев, Киров, Фрунзе сияқты кеңестік көсемдердің қатары сөгілмей тұр. Ресейдің өзінде, сондай-ақ одақтас елдердің құрамына енген өзге елдерде бұл атаулар әлдеқашан өзгертіліп, жер-судың тарихи атаулары қалпына келтірілгелі қашан.

ЖАРМА АУДАНЫ

Жарма ауданы – Шығыс Қазақстан облысының орталық бөлігіндегі әкімшілік бөлініс. Жарма жері ертеден-ақ оңтүстік пен солтүстікті керуен жолдарымен байланыстырып жатыр. Бұл өлке саяхатшылар мен географтарды қатты қызықтырған, олардың көпшілігі жергілікті жердің табиғат көркі, тұрғылықты халықтың тұрмысы мен шаруашылық ерекшеліктері туралы мәліметтер қалдырған. Мәселен, бұл жерлерде Ш.Уәлиханов, П. Семенов-Тянь-Шанский, Г.Потанин, В. Обручев, А. Янушкевич сияқты басқа да көптеген атақты ғалымдар мен зерттеушілер болған /17/.

Жарма ауданында 21 әкімшілік-аумақтық бірлік, 83 елді мекен бар, оның 4-і ірі елді мекендер: аудан орталығы Георгиевка селосы, Шар қаласы, Әуезов және Жаңғызтөбе кенттері.

Ауданға қарасты ауылдық округтердің атауы төмендегідей: *Қалбатау, Қызылағаш, Қарасу, Жайма, Шар, Жарық, Үшбиік, Жаңғыз төбе, Делбегетей, Суық-бұлақ, Шалабай, Бірлік, Қапан-бұлақ, Қаратөбе, Жарма, Божегур, Бірлік, Аршалы, Ақжал, Белтерек* ауылдық округі мен *Әуезов кенттік* округі.

Енді осы ауылдық округтердің құрамына тоқталсақ, төмендегі көріністі байқаймыз: *Қалбатау* ауылдық округіне *Қалбатау, Бұрлылағаш, Ортабұлақ, Батыр, Қапай, Жіңішке, Жаңаөзен* ауылдары, *Қызылағаш* ауылдық округіне *Қызылағаш, Қарасу, Қаратөзан* ауылдары, *Қарасу* ауылдық округіне *Қарасу, Асқаралы* ауылдары, *Жайма* ауылдық округіне *Жайма, Қорғанбай* ауылдары, *Шар* ауылдық округіне *Көшек, Еспе, Сарыарқа, Кезеңсу, Шар* ауылдары, *Қызылшар* айырығы, *6-айырық, 7-разъезд, Суурлы* бекеті, *Жарық* ауылдық округіне *Жарық, Қызыл Қайың, Малай* ауылдары, *Үшбиік* ауылдық округіне *Еңрекей, Үшбиік* ауылдары мен *18-бекет, Жаңғыз* төбе ауылдық округіне *Жаңғыз* төбе кенті, *Солнечный* ауылы мен *9-шы айырық, 10-шы айырықтар, Делбегетей* ауылдық округіне *Қоңырбиік* ауылы, *Суық-бұлақ* ауылдық округіне *Суық-бұлақ* ауылы, *Делбегетей* бекеті мен *3-айырық, Шалабай* ауылдық округіне *Жаңаауыл, Шалабай* ауылдары, *Бірлік* ауылдық округі, *Қапан-бұлақ* ауылдық округіне *Қапан-бұлақ, Балықтыкөл, Егін-бұлақ, Нарбота, Первомайск, Қызыл жұлдыз* ауылдары мен *Қапан-бұлақ* бекеті және *№12-айырық, №14-айырықтар, Қаратөбе* ауылдық округіне *Қаратөбе, Кеңтарлау, Былқылдақ* ауылдары, *Жарма* ауылдық округіне *Жарма* кенті, *Божегур* ауылдық округіне *Салқынтөбе* ауылы, *Бірлік* ауылдық округіне *Бірлік, Амангелді, Қарақожа, Иірлі* ауылдары, *Аршалы* ауылдық округіне *Аршалы, Жарықтас* ауылдары, *Ақжал* ауылдық округіне *Ақжал, Бөке* ауылдары, *Белтерек* ауылдық округіне *Белтерек, 8 март, Қарашоқы* ауылдары және *Балықтыкөл* бекеті, *Әуезов* кенттік округіне *Солнечное* ауылы мен *Әуезов* кенті кіреді.

Атаулардың ішінде Первомайск, Қызыл жұлдыз, 8 март сияқты идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар кездеседі. Осындай және 6, 7, 10, 18 – айрық сияқты атауларды тәрбиелік мәні зор атаулар-

мен немесе осы өлкеден шыққан көрнекті тұлғалардың есімдерімен ауыстырған жөн болар еді.

ЗЫРЯН АУДАНЫ

Зырян ауданы - Шығыс Қазақстан облысының солтүстік-шығысында орналасқан, солтүстік пен солтүстік-батыста Риддер қаласының аумағымен, солтүстік-шығыста және шығыста Ресей Федерациясымен (Алтай өлкесі) оңтүстік-шығыста Қатонқарағай, солтүстік-батыс шекарасы Ұлан ауданымен, батыста Глубокое ауданымен шектеседі.

Ауданның іргетасы ресми деректерде 1791 жылы қаланды делінеді /18/. Осы жылдары Бұқтырма кеніне барлау жұмыстары кеңінен жүргізіле бастайды. Кен орнын ашушы инженерлердің бірі Г.Г.Зыряновтың есімімен аталған ауданның тарихи атауы Бұқтырма болған. 1935 жылы ауданның бір бөлігінде Бұқтырма атты аудан құрылған. 1962 жылы аудан қысқарып, оның аумағы Зырян ауданына беріледі.

Зырян ауданы аумағында екі қала орналасқан. Олар: *Зырян* және *Серебрянск*. Сонымен қатар *Прибрежный, Октябрьск, Zubovsk, Жаңа Бұқтырма* кенттік округі мен *Северный, Первороссийск, Малеевка, Парыгин, Тұрғысын, Березовск, Чапаев, Никольск, Соловьёво, Средигорное* ауылдық округтері бар.


Енді осы ауылдық округтердің құрамына тоқталсақ, төмендегі көріністі байқаймыз: *Жаңа Бұқтырма* кенттік округіне *Жаңа Бұқтырма* кенті мен *Березовка, Александровка* ауылдары, *Октябрьск* кенттік округінің әкімшілік аумақтық бірлігіне *Октябрьск* кенті мен *Бұқтырма, Селезнёвка, Сажаяевка* бекеттері, *Прибрежный* кенттік округіне *Прибрежный* кенті мен *Заводинка* ауылы, *Северный* ауылдық округіне *Северное, Феклистовка, Ермаковка* ауылдары, *Первороссийск* ауылдық округіне *Первороссийск, Васильевка, Дородница* ауылдары, *Малеевка* ауылдық округіне *Малеевск, Путинцево, Быково, Богатырево* ауылдары, *Парыгин* ауылдық округіне *Парыгино, Кутиха, Баяновск* ауылдары, *Тұрғысын* ауылдық округіне *Тұрғысын* ауылы, *Березовск* ауылдық округіне *Березовское, Подорленок, Маяк, Восточное, Ландман* ауылдары,

Чапаев ауылдық округіне *Чапаев, Крестовка, Снегирево, Орловка, Пролетарка* ауылдары, *Никольск* ауылдық округіне *Никольск, Бородино, Алтайка, Кремнюха* ауылдары, *Соловьево* ауылдық округіне *Соловьево, Ново-Крестьянка, Бедаревка, Ленинск* ауылдары, *Зубовск* кенттік округіне *Зубовск* кенті, *Средизгорное* ауылдық округіне *Средизгорное, Шірікқайың, Андреевка, Александровка* ауылдары кіреді.

Көріп отырғанымыздай аудан құрамына кіретін 16 әкімшілік-аумақтық бірліктің **екеуінің** атауы ғана қазақ тілінде. Ал қалған 14 атау орыс тілінде. Ол атаулардың ішінде Октябрьск, Чапаев, Ленинск, Пролетарка сияқты идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар да жүр.

Зырян ауданы бойынша елді мекен атауларының ахуалын төмендегі сызбадан көруге болады.

1. Аудан бойынша атаулардың жалпы саны – **48**
2. Қазақ тіліндегі атаулар – **4**
3. Орыс тіліндегі атаулар – **44**



Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде мектептің алатын орны зор. Тарыдай болып кіріп, таудай болып шығатын білім ошақтарының бір де біреуіне ел үшін еңбегі сіңген ұлы тұлғалардың есімінің берілмеуі көңілге кірбің ұялатады. Төмендегі тізімге қараған көкірек көзі ояу кез келген жанның қатты ойланары сөзсіз:

Зырян ауданы бойынша бастауыш және орта мектептердің атаулары

- 1) «Зырян қаласындағы №6 орта мектебі» КММ
- 2) «Зырян қаласындағы №7 орта мектебі» КММ
- 3) «Зырян қаласындағы №8 орта мектебі» КММ
- 4) «Зырян қаласындағы № 9 орта мектебі» КММ
- 5) «Зырян қаласындағы №11 орта мектебі» КММ
- 6) «Зырян қаласындағы Мектеп-Лицейі» КММ
- 7) «Зырян қаласының № 1 бастауыш мектебі» КММ
- 8) «Зырян қаласының № 2 бастауыш мектебі» КММ
- 9) «Путинцев орта мектебі» КММ
- 10) «Леснопристань орта мектебі» КММ
- 11) «Зубовка орта мектебі» КММ
- 12) «Парыгин орта мектебі» КММ
- 13) «Тұрғысын орта мектебі» КММ
- 14) «Чапаев орта мектебі» КММ
- 15) «Никольск орта мектебі» КММ
- 16) «Бородино орта мектебі» КММ
- 17) «Маяк орта мектебі» КММ
- 18) «Средигорный орта мектебі» КММ
- 19) «Соловьево орта мектебі» КММ
- 20) «Александровка бастауыш мектебі» КММ
- 21) «Андреевка бастауыш мектебі» КММ
- 22) «Кремнюха негізгі мектебі» КММ
- 23) «Шірікқайың орта мектебі» КММ
- 24) «Подорленок негізгі мектебі» КММ
- 25) «Быков негізгі мектебі» КММ
- 26) «Новокрестьянка негізгі мектебі» КММ
- 27) «Крестовка бастауыш мектебі» КММ
- 28) «Снегирево бастауыш мектебі» КММ
- 29) «Серебрянка қаласындағы №1 М.Инюшин атындағы орта мектебі» КММ
- 30) «Серебрянка қаласындағы №2 негізгі мектебі» КММ
- 31) «Серебрянка қаласындағы №4 орта мектебі» КММ

-
-
- 32) «№1 Жаңа – Бұқтырма орта мектебі» КММ
 - 33) «№2 Жаңа – Бұқтырма орта мектебі» КММ
 - 34) «**Первомайское** орта мектебі» КММ
 - 35) «**Октябрьск** орта мектебі» КММ
 - 36) «**Первороссийское** орта мектебі» КММ
 - 37) «**Васильевка** негізгі мектебі» КММ
 - 38) «**Дородница** орталау мектебі» КММ
 - 39) «**Киров** орта мектебі» КММ
 - 40) «**Северное** негізгі мектебі» КММ

ҰЛАН АУДАНЫ

Ұлан ауданы - 1928 жылы құрылған аудан. Аудан Шығыс Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Ұлан ауданындағы 91 елдімекен 18 кенттік және ауылдық (селолық) округке біріктірілген.

Ауданның әкімшілік орталығы – Молодежное кенті. *Асу-Бұлақ, Белогор, Молодежный, Огневка кенттік округі мен Айыртау, Аблакет, Алмасай, Азовое, Багратион, Бозанбай, Гагарин, Егінсу, Каменка, Өскемен, Саратовка, Таврия, Тарғын, Төлеген Тоқтаров* ауылдық округтері.

Енді осылардың құрамына тоқталсақ, төмендегі көріністі байқаймыз:


Айыртау ауылдық округіне *Айыртау* және *Ново-Канайка* ауылдары, *Асу – Бұлақ* кенттік округіне *Асу-Бұлақ* кенті, *Аблакет* ауылдық округіне *Сағыр* ауылы, *Мамай* батыр ауылы, *Алмасай* ауылдық округіне *Алмасай* ауылы, *Азовое* ауылдық округіне *Ново-Азовое* ауылы, *Багратион* ауылдық округіне *Привольное, Митрофановка* ауылдары, *Белогор* кенттік округіне *Белогор* кенті мен *Төменгі Тайынты* ауылы, *Бозанбай* ауылдық округіне *Бозанбай* ауылы, *Гагарин* ауылдық округіне *Гагарин* ауылы, *Егінсу* ауылдық округіне *Ұлан, Жанұзақ, Борсақ, Мырзат* ауылдары, *Каменка* ауылдық округіне *Каменка, Троицкое* ауылдары, *Өскемен* ауылдық округіне *Восточное, Макеевка, Донское* ауылдары, *Саратовка* ауылдық округіне *Саратовка, Ново-Одесское, Отрадное* ауылдары, *Таврия* ауылдық округіне *Таврия, Пролетарка, Актюба* ауыл-

дары, *Тарғын* ауылдық округіне *Тарғын, Жантас, Жоғарғы Тайынты, Манат, Айтықов* ауылдары, *Төлеген Тоқтаров* ауылдық округіне *Герасимовка, Казачье, Украинка* ауылдары мен *Отгон* бөлімшелері, *Үржар* ауылдық округіне *Үржар, Қызылту, Бургон* ауылдары, *Ақжар* ауылдық округіне *Ақжар, Қарамойыл, Амангелді* ауылдары, *Егінесу* ауылдық округіне *Егінесу, Жанай* ауылдары, *Жоғарғы Егінесу* ауылдық округіне *Жоғарғы Егінесу* ауылы *Елтай* ауылдық округіне *Елтай* ауылы, *Қаратұма* ауылдық округіне *Қаратұма* ауылы, *Жаңа тілек* ауылдық округіне *Жаңа тілек, Тасарық* ауылдары, *Көкөзек* ауылдық округіне *Көкөзек* ауылы, *Көлденең* ауылдық округіне *Көлденең* ауылы, *Бестерек* ауылдық округіне *Бестерек, Қазымбет, Ер Қабанбай* ауылдары, *Науалы* ауылдық округіне *Науалы, Малақ* ауылдары, *Ново-Андреевка* ауылдық округіне *Ново-Андреевка, Покровка, Некрасовка, Благодатный* ауылдары, *Мақаншы* ауылдық округіне *Мақаншы* ауылы, *Қарабұлақ* ауылдық округіне *Қарабұлақ, Барлық - Арасан* ауылы, *Қарабұта* ауылдық округіне *Қарабұта* ауылы, *Бақты* ауылдық округіне *Бақты* ауылы, *Көктал* ауылдық округіне *Көктал* ауылы, *Көктерек* ауылдық округіне *Көктерек, Қайыңды, Қызылбұлақ* ауылдары, *Ақшоқы* ауылдық округіне *Ақшоқы, Подгорный* ауылдары, *Благодарный* ауылдық округіне *Благодарное, Қызыл Жұлдыз* ауылдары, *Қаратал* ауылдық округіне *Қаратал, Бекет, Бұғыбай* ауылдары, *Шолпан* ауылдық округіне *Шолпан* ауылы, *Қоңыршәулі* ауылдық округіне *Таскескен, Үшбұлақ* ауылдары, *Алтыншоқы* ауылдық округіне *Алтыншоқы, Лайбұлақ, Айтбай, Текебұлақ* ауылдары, *Салқынбел* ауылдық округіне *Сегізбай, Қарабұйрат* ауылдары, *Қарақол* ауылдық округіне *Қарақол, Сағат, Сартерек, Абай* ауылдары кіреді.

Көріп отырғанымыздай аудан құрамына кіретін 18 ауылдық округтің 8 атауы қазақ тілінде. Ал қалған 10 атау орыс тілінде. Ол атаулардың ішінде Октябрьское, Моисеевка, Церковное сияқты идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар да жүр.

Железин ауданы бойынша елді мекен атауларының ахуалын төмендегі сызбадан көруге болады.

4. Аудан бойынша атаулардың жалпы саны – 91
5. Қазақ тіліндегі атаулар – 63
6. Орыс тіліндегі атаулар – 28



ШЕМОНАИХА АУДАНЫ

Шемонаиха ауданы - 1928 жылы құрылған аудан. Аудан Шығыс Қазақстан облысының солтүстігінде орналасқан. Глубокий және Бородулиха аудандарымен және Ресейдің Алтай өлкесімен шектеседі. Ауданның құрамы бір қала, екі кент, 37 ауылдан тұрады. Ауданда 11 әкімшілік-аумақтық бірлік, оның ішінде 8 ауылдық округ, 2 кенттік және 1 қалалық округ бар.

Ауданның әкімшілік орталығы – **Шемонаиха** қаласы. Ал ауылдық округтердің атауы төмендегідей: *Усть-Таловка, Первомайский* кенттік округтері мен *Каменевский, Зевакино, Октябрьский, Выдрихинский, Вавилонский, Волчанский, Верх-Уба, Разинский* ауылдық округтері.

Енді осы ауылдық округтердің құрамына тоқталсақ, төмендегі көріністі байқаймыз: *Усть-Таловка* кенттік округіне *Усть-Таловка* кенті мен *Березовка, Половинка, Заречное* ауылдары, *Первомайский* кенттік округіне *Первомайский* кенті мен *Барашки, Ново-Ильинка, Фестивальная* ауылдары, *Зевакино* ауылдық округіне *Зевакино, Убинка, Ново-Убинка* ауылдары, *Октябрьский* ауылдық округіне *Октябрьское, Садовое, Луговое* ауылдары, *Выдрихинский*

ауылдық округіне *Выдриха, Межовка* ауылдары, *Вавилонский* ауылдық округіне *Камышинка, Пруггерово, Сугатовка, Горкуново, Кенюхово* ауылдары, *Волчанский* ауылдық округіне *Волчанка, Крюковка, Кандыковка, Моисеевка, Трехгорное, Большая речка, Березовка* ауылдары, *Верх-Уба* ауылдық округіне *Верх-Уба* ауылы, *Разинский* ауылдық округіне *Красная Шемонаиха, Белый камень, Медведка* ауылдары, *Каменевский* ауылдық округіне *Рассыпное, Коневка, Рулиха, Михайловская* ауылдары мен *Рулиха* станциясы кіреді.

Көріп отырғанымыздай аудан құрамына кіретін 11 әкімшілік-аумақтық бірліктің бір де бірінің қазақ тіліндегі тарихи атауы сақталмаған. Оның үстіне Октябрьский, Первомайский сияқты идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар әлі күнге қолданылып келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ономастикалық атаулар – қоғаммен бірге жасап, біте қайнасатын этникалық мәдениетіміздің белгісі. Халқымыз «Жер-судың аты – тарихтың хаты» дегенде ономастикалық атаулар ұлттың тарихынан, салт-дәстүрінен, таным-түсінігінен хабар беретіндігіне меңзесе керек. Ономастиканың тұғыры ұлттық мүдде екенін ескерсек, «қазақ ономастикасы елдігімізді насихаттауда, ұлт тағдыры үшін талай жан алысып, жан беріскен тарихи тұлғаларын ұлықтауда діттеген межеден шыға алып жүр ме?» деген сұрақ туындайды.

Қолда бар деректерді зерделеу барысында Шығыс Қазақстан облысындағы ауылдық округтердің және ондағы ауыл атауларының көпшілігі идеологиялық жағынан ескірген, тәрбиелік мәні жоқ, бүгінгі күн талаптарына сай емес атаулардан тұратындығын байқадық. Сондай атаулардың бірсыпырасына талдау жасай келіп, көрші облыстарда бұл мәселелерді қалай шешкенін көрсете кеткенді жөн көрдік.

Сергеевка атауы – кеңестік дәуірдегі көп тараған атаулардың бірі. Бұл атау тек Солтүстік Қазақстан облысында емес, өңір ономастикасында жиі ұшырасады. Алайда Ақтөбе облысында Новосергеевка атауын – Құмсай, ал Сергеевканы Қарабұлақ деп қайта атаса, Алматы облысында Сергеевка – Бесмойнақ, Шығыс Қазақстан облысында Сергеевка – Қайнар деген тарихи атауларын алған.

Воскресеновка атауы аптаның жексенбі күнімен байланысты қойылған. Біз қарастырған аймақ қана емес, Айыртау ауданы Жетікөл округіне жататын ауыл да осылай аталады. Бұл атау Шығыс Қазақстанда, Жамбыл облыстарының елді-мекендерінде де кездескен. Бір қуантарлығы жамбылдықтар бұл атауды тарихи тұлға Андас батырдың есімімен сәтті алмастырған.

Орыс отаршылары үшін қазақ жері ұшы-қиыры жоқ ен дала, иесіз жатқан қу мекен тәрізді көрінгені анық. Сол себепті ме Степное атауын да оңды-солды қоя бергенге ұқсайды. Сөзіміздің дәлелі ретінде Кеңестік дәуірде бір ғана Павлодар облысында Степное атауымен екі бірдей елді мекеннің аталғанын айта кеткен жөн. Алайда, ел тәуелсіздігін алғаннан бері Павлодар облысындағы бір Степное – Көктөбеге айналса, екіншісі Беріктал деген тарихи атауын жаңғы-

ртты. Ақтөбе облысындағы Степное – Көкпекті, Шығыс Қазақстан облысындағы Степное – Құртай, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Степное – Ақжар атауларымен ауыстырылды.

Заречный атауы өзеннің арғы беті дегенді білдіреді. Бұл атау да кеңестік дәуірде оңды-солды қойылған мағынасыз атаулардың бірі. Алматы облысындағы Заречное – Мойнақ, Павлодар облысындағы Заречное – Қызылжар атауына өзгертілгенін айта кеткіміз келеді.

Надеждин, Надежка атаулары да еліміздің әр түкпірінде кездеседі. Надеждинмен төркіндес Ақтөбе облысындағы Ново-надеждинка атауы – Жарсай, Алматы облысындағы Надеждинская – Есік, ал Надеждовка – Қоңыр атауларымен сәтті алмастырылған.

Озерное атауы да кеңестік дәуірде оңды-солды қойылған мағынасыз атаулардың бірі. Осы түбірлес атау еліміздің әр түкпіріндегі 9 елді мекенде жаңа атаумен алмастырылған екен. Олар: Ақмола облысындағы екі Приозерное атауының бірі – Жалғызқарағай, екіншісі – Родина, Ақтөбе облысындағы Приозерное – Ақкөл, Шығыс Қазақстан облысындағы Приозерное – Тұғыл, Қарағанды облысындағы Озерноенің бірі – Бұқар жырау, екіншісі – Шашубай, Қостанай облысындағы Семиозерное – Әуликөл, Шығыс Қазақстан облысындағы Кривозерное – Саумалкөл, ал Озерное – Тілеусай.

Андреевка атауы да кеңестік дәуірдегі көп тараған атаулардың бірі. Ақтөбе облысында Андреевка атауын – Қызылжар, Алматы облысында Андреевка – Қабанбай, Шығыс Қазақстан облысында Андреевка – Жаңа тілеу, Жамбыл облысында Андреевка – Бөлтірік атауларымен алмасты.

Біз зерделеу нысаны ретінде алып отырған Шығыс Қазақстан облысында **Ленин** атауы 43 рет кездесетінін байқадық. Оның ішінде 41 көше, 1 ауыл, 1 ауылдық округ атауы бар. Қазақ халқына ғана емес, Кеңес Одағының құрамына кірген барлық елдерге тажалдай болған, тіпті Ресей жұртшылығының өзі тарихи жендет ретінде қабылдаған тұлғаның есімін ономастикалық атау ретінде әлі күнге колдану тұрғындарға да, атқарушы билік иелеріне де үлкен сын.

Шығыс Қазақстан облысында **Мирный** атауын тарихи Көктерек атауымен алмастырса, Ақмола облысында **Придорожное** атауы Ақбұлаққа ауысқан.

Юбилейное атауы да кеңестік дәуірдегі көп тараған атаулардың бірі. Ақтөбе облысындағы Юбилейный атауы – Алтынды, Алматы облысындағы Юбилейный – Көлсай, Шығыс Қазақстан облысында Юбилейный – Бөке, Қостанай облысы Жангелді ауданындағы Юбилейный ауылы – Милысай, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Юбилейное ауылының бірі – Өркен, екіншісі – Жаушықұм атауларымен сәтті алмастырылған.

Дмитриевка, Петровка, Антоновка, Леонидовка, Ольгинка атаулары да Сергеевка, Андреевка сияқты кеңестік дәуірдегі көп тараған атаулардың бірі. Николаевка атауымен түбірлес атау еліміздің әр түкпіріндегі 9 елді мекенде жаңа атаумен алмастырылған екен. Олар: Алматы облысындағы үш Николаевка атауының бірі – Ажар, екіншісі – Жетіген, үшіншісі – Құйған, Шығыс Қазақстан облысындағы екі Николаевка атауының бірі – Кентарлау, екіншісі – Мойылды, Жамбыл облысындағы Николаевка – Шапырашты, ал Новониколаевка – Байзақ, Павлодар облысындағы Николаевка – Мамбеткөл, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Новониколаевка – Жабағылы.

Первомай – идеологиялық ескірген атау. Бұл – 1-Май мерекесіне байланысты қойылған, кеңестік саясатты насихаттайтын атаулардың бірі.

Краснознамен – идеологиялық жағынан ескірген атау. Еліміздің әр түкпірінде осы түбірлес 39 атаудың қайта алмастырылғанының өзі атаудың түп-төркіні туралы көп мән береді.

